
РЕНЕ ДЕКАРТ


5

Түркістан облысы
Шардара ауданы
Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектеп

# АШЫҚ САБАҚ

**Тақырыбы: Бірмүшелер және оларға амалдар қолдану.**

**7 «Б» сынып**

**Математика пәні мұғалімі: Қаканова Айнұр**

**2022-2023 оқу жылы**

Алгебра **7сынып**

| | | |
|---|---|---|
| **Күні:** | | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Бірмүшелер және оларға амалдар қолдану. | |
| **Сынып:**7 | Сабаққа қатысқандар саны: | **Сынып:**7 |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 7.2.1.4бірмүшелерді көбейтуді орындау және бірмүшені көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде көрсету; | |
| **Сабақтың мақсаты:** | Бірмүшелерді көбейтуді орындайды және бірмүшені көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде көрсетеді; | |

Сабақтың тақырыбы:

| Кезең | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы | 1. **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Амандасу, оқушылардың зейінін сабаққа шоғырландыру;<br><br>2. **Топқа бөлу**<br>Оқушыларды үш топқа бөлу үшін алдын ала үлестірмелі қағаздарға бірмүшелерді жазып әзірлеп алып, таратамын. Оқушыларды топқа бөлу: Үлестірмеде берілген бірмүшенің дәрежесін өздері анықтап, үш топқа бөлінеді. 3- дәрежелі бірмүшелер , 5-дәрежелі бірмүшелер, 7-дәрежелі бірмүшелер<br><br>**Үй тапсырмасын тексеру №2,4**<br><br>3. **Өткен материалдарды қайталау «Экспресс-сауал» әдісі**<br><br>Өтілген тақырыпты қайталау мақсатында **«Экспресс-сауал»** әдісі арқылы топтарға қайталау | Үлестірме қағаздарды таңдап алып, бірмүшенің дәрежесін анықтап, өз тобына барып отырады<br><br>Әр топқа өткен материалдарға | **1 балл**<br>**Дескриптор:**<br>-натурал және бүтін көрсеткішті дәреженің қасиеттерін біледі;<br>-бірмүшенің анықтамасын, стандарт | Үлестірме қағаздар<br><br>Сұрақтар |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>сұрақтарын ұсынамын<br>(Өткен тақырыпты еске түсіру)<br><br>1. Бірмүше дегеніміз не?<br><br>2. Бірмүшенің стандарт түрі деген не?<br><br>3. Бірмүшенің коэффициенті деген не?<br><br>4. Бірмүшенің дәрежесі деген не?<br><br>5. Негіздері бірдей дәрежелерді көбейткенде...<br><br>6. Негіздері бірдей дәрежелерді бөлгенде...<br><br>7. Дәрежені дәрежеге шығарғанда...<br><br>8. Көбейтіндіні дәрежеге шығару<br><br>4. «Ой қозғау» әдісі<br>1-топ:
<table>
<tr><th>Бірмүше</th><th>Дәрежесі</th></tr>
<tr><td>$7abcx$</td><td></td></tr>
<tr><td>$-2a^4b^2$</td><td></td></tr>
<tr><td>$x^2y$</td><td></td></tr>
</table>
2-топ:
<table>
<tr><th>Бірмүше</th><th>Коэффициенті</th></tr>
<tr><td>$7abcx$</td><td></td></tr>
<tr><td>$-2a^4b^2$</td><td></td></tr>
<tr><td>$x^2y$</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>қатысты сұрақтар беріледі.<br>Топтасып ойланып жауап береді.<br><br>Оқушылар топпен бірлесе отырып, бірмүшенің дәрежесін, коэффициентін анықтайды, бірмүшені стандарт түрде жазады.</td>
<td>түрін, дәрежесін, коэффициентін анықтайды<br>1 балл<br><br>Дескриптор:<br>-бірмүшенің дәрежесін анықтайды;<br>1 балл<br><br>Дескриптор:<br>-бірмүшенің коэффициентін анықтайды;<br>1 балл</td>
<td>Кестелер</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>3-топ:<br><table><tr><td>Бірмүше</td><td>Стандарт түрі</td></tr><tr><td>2b*3c</td><td></td></tr><tr><td>-4a*5a$^3$</td><td></td></tr><tr><td>x$^2$ y*xy</td><td></td></tr></table></td>
<td></td>
<td>Дескриптор:<br>-бірмүшені стандарт түрде жазады;<br>1 балл</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>2. сабақтың ортасы</td>
<td>5. Жаңа тақырып: «Бірмүшеге амалдар қолдану»<br><br>Жаңа тақырыпты бекіту мақсатында бейнеролик көрсетіледі<br><br>6. «Тобыңмен пікірлес» Есептер шығару /топтық жұмыс/<br>1) Дәрежеге шығар: $(3a^2x)^3$<br>2) Көбейтуді орында: $-6m^2n*(-10mn^2)$<br>3) Бірмүшенің квадраты түріне келтір: $81x^6$<br><br>7. Сергіту сәті «Ребус шешу»<br>Ребусты шешкенде тақырыпқа байланысты термин сөздер шығады<br><br>8. «Кім білгір?» әдісі /жеке жұмыс/<br>А, В, С деңгейлі есептер<br><br>А деңгей:<br><br>Өрнекті ықшамдап, коэффициентін</td>
<td>Оқушыларға сабақ тақырыбы мен мақсаттарды айтылып, бағалау критерийлері таныстырылады..<br>Жаңа тақырыпты меңгерту үшін BilimLand.kz сайтынан ресурстарды қолданамын.<br><br>Оқушылар топ мүшелерімен бірлесе отырып, есептерді шығарады<br><br>Ребусты шешіп, тақырыпқа байланысты термин сөзді табады<br><br>Оқушылар өз деңгейлеріне сәйкес</td>
<td>Дескриптор:<br>- Бірмүшені дәрежеге шығарады;<br>- Бірмүшелерді көбейтуді орындайды;<br>- Бірмүшенің квадраты түріне келтіреді .<br>2 балл<br><br>Дескриптор:<br>− бірмүшелерді көбейтеді;<br>-коэффициентін</td>
<td>Бейнеролик<br><br>Ребус<br><br>А, В,С деңгейлі тапсырмалар</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>көрсет: $xy*(-7xy^2)*4x^2y$<br><br>В деңгей:<br>Бірмүшенің квадраты және кубы<br>түріне келтір: $64p^{12}q^6$<br><br>С деңгей:<br>$8a^4y^3$ бірмүшесін 2 түрлі тәсілмен:<br>1) стандарт түрдегі екі бірмүшенің;<br>2) стандарт түрдегі үш бірмүшенің көбейтіндісіне жіктеңдер<br><br>9. Сәйкестендір:
<table>
<tr><td>1) $(2ab^2)^2$</td><td>А) -6ab</td></tr>
<tr><td>2) (-3a)*2b</td><td>В) $a^2b^2$</td></tr>
<tr><td>3) $16a^4$</td><td>С) $4a^2b^4$</td></tr>
<tr><td>4)ab*a*b</td><td>Д) $a^6$</td></tr>
<tr><td>5) $(a^3)^2$</td><td>Е) $(4a^2)^2$</td></tr>
</table>
<br>10. Есептер шығару /оқулықпен жұмыс/</td>
<td>есептерді таңдап алып, жеке шығарады<br><br>Оқушылар жұппен жұмыс жасай отырып, есептердің жауаптарын сәйкестендіреді<br><br>Оқулықтан есептер шығарады</td>
<td>табады.<br>Дескриптор:<br>-бірмүшенің квадраты түріне келтіреді;<br>- бірмүшенің кубы түріне келтіреді<br><br>Дескриптор:<br>- стандарт түрдегі екі бірмүшенің көбейтіндісіне жіктейді;<br>- стандарт түрдегі үш бірмүшенің көбейтіндісіне жіктейді.<br>2 балл<br><br>1 балл<br><br>2 балл</td>
<td>Сәйкестендіру кестесі</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td></td><td>Оқулықтан есептер шығару</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақ соңы</td><td>«4 есеп» әдісі.<br><br>Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды.<br>Мақсаты:Оқушы алған білімін саралай білуге дағдыланады.<br>Тиімділігі:Тақырып бойынша оқушылардың пікірін анықтайды. Жинақталған деректердің құнды болуын қадағалайды.<br>Саралау: Бұл кезеңде саралаудың «Қорытынды» тәсілі көрінеді.<br><br>Үйге тапсырма: №2,13<br>Оқушыларды бағалау</td><td>Кері байланыс «4 есеп»<br><table><tr><td>Маған түсінікті болды</td><td>Маған түсініксіз болды</td><td>Мен үшін оңай болды</td><td>Мен үшін қиын болды</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table></td><td>Мұғалім оқушыларды «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды.<br>Жарайсың!<br>Жақсы!<br>Талпын!<br>Сонымен қатар 1-10 балдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.</td><td></td></tr>
</table>

Тексерілді: Ұ.Алжанбаева

12.10.2022ж